

**Т.М.БАЙМАХАН
А.СЕЙТХОЖАЕВА**

**АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ПАРЕМИОЛОГИЯЛЫҚ
БІРЛІКТЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ**

B статье рассматривается обзор литературы, посвященные паремиологическим единицам английского и казахского языков. *Makalede İngiliz ve Kazak dillerindeki paremiyolojik ölçüler değerlendirilir.*

Ағылшын тіліндегі жалпыхалықтық мұраны жинақтаң, жариялау жұмыстары сонау көне ғасырдан қалыптасты, күні бүтінге дейін дәстүрлі түрде жалғасып келеді. Тарихи деректерге сүйенер болсақ, өте көне мақалмәтелдер тізбегін қамтитын алғашқы "Book of Proverbs in the Old Testament" атты тоңтама V ғасырда жарық көрген [1]. Бұл жинаққа өте көне ағылшын мақал-мәтелдері енген. Кейінгі жинақтар халық игілігіне айналған осы іске етене араласып, зор еңбек сіңірген оқымысты ғалым Дезидериус Эрасмус есімімен тығыз байланысты. Ротердамда дүниеге келіп, өз заманының ең ұлы да оқымысты ғалымдарының бірі атанған Дезидериус Эрасмус бүкіл Еуропаны түгелге жуық аралай жүріп, ағылшын мақал-мәтелдерінің жинағын құрастырган. Оның 1500 жылы "Collectanea" (818 ММ) [2], 1508 жылы Венецияда "Chiliades" (3260 ММ) деген атпен жарияланған жинақтары 1515-1536 жылдары [3] аралығында толықтырылып қайта басылып шықты.

Артына өштес тарихи із қалдырған ғалымдардың бірі Джон Хеуд өзінің алғашқы "A Dialogue Containing the Number in Effect of all the Proverbs in the English Tongue" атты еңбегін 1546 жылы [4], кейінгілерін 1550, 1555, 1560 жылдары бастырыш шыгарды. Сондай-ақ, 1610-1680 жылдар аралығында бірқатар мақал-мәтелдер жинақтары, атап айтқанда, 1612 жылы ағылшын шіркеу қызметшісі Thomas Draxe "Bibliotheca Scholastica Instructissima or, a Treasurie of Ancient Adages, and Sententious Proverbes" [5], 1639 жылы пастор Дж. Кларктың (John Clarke) "Paroemiologia Anglo-Latina" [6], 1640 жылы Дж. Херберттің "Outlandish Proverbs" [7], 1659 жылы Дж. Хауэлдің "Proverbs" [8], 1670, 1678 жылдары Дж. Рэйдің 'English Proverbs" атты еңбектері [9] жарық көрді. Дж. Хауэлдің еңбегінде ағылшын тіліне басқа тілдерден енген мақал-мәтелдер де қамтылса, соңғы жинақта тілдік орамдарға арнайы түсінкемелер берілген.

Кейінгі ғасырларда бүрынғы ескі жинақтар толықтырылып, қайта басылып отырды. Олар: Джеймс Кэлли "Complete Collection of English Proverbs" (Ағылшын мақалдарының толық жинағы) 1721; Томас Фуллер

Т.М.Баймахан, А.Сейтхожаева. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі...

"Gnomologia: Adages and Proverbs" 1732; Bohn: H.G. Bohn's A Hand-book of Proverbs, 1855; Уиллиам Кареу Хазлит "English Proverbs and Proverbial Phrases" 1869; Винсент Стаки "Collectanea" 1902-4; Джордж Латимэр Ашерсон "English Proverbs and Proverbial Phrases" 1929; 1935 жылы ағылшын мақалдарын қамтыған Оксфордтық сөздіктің "The Oxford Dictionary of English Proverbs" деп аталған алғашқы нұсқасы жарық көрді. Уақыт өте келе бүл сөздіктің толықтырылған нұсқалары бірнеше мәрте басылып шықты.

Америка Құрама Штаттарында да осы мақсатта бірқатар жұмыстар атқарылды. Әсіресе, Бэнджамин Франкліннің Poor Richard's Almanack (1733, 1758) [10], Буртэн Стэвэнсонның "Book of Proverbs, Maxims and Familiar Phrases"(1949) [11] еңбектерінің маңызы өте зор. Бір айта кететін жайт, жогарыдағы шолуда айқын көрсеткендей, көп жағдайда мамандардың ағылшын тілі мақал-мәтелдерін жинаққа енгізу үрдісімен шектелгенін көреміз.

Ағылшын тілі мақал-мәтелдерін ғылыми түргыдан арнайы, жан-жақты қарастырған зерттеу жұмыстарының да бар екендігі мәлім. Мысалы, Л.И.Селянинаның "Варианты пословиц английского языка" деп аталған диссертациялық жұмысында ағылшын мақалдарының вариантылығы, вариантардың өзара ұқастықары мен айырмашылықтары және сөйлеу тіліндегі окказионалды өзгерістері сипатталады [12].

Л.И.Швидкояның "Синонимия пословиц и афоризмов в английском языке" атты ғылыми зерттеуінде мақалдар мен афоризмдер "клише" деген атаумен бір топқа біріктіріліп, олардың синонимдік қатары берілген [13].

С.И.Вяльцеваның "Речевые использование английских пословиц" атты кандидаттық жұмысы [14] ағылшын мақалдарының стильтік қолданысын зерделеуге арналған. Жұмыста ағылшын мақалдарының узуалды және окказионалды стилистикалық құбылыстары сипатталған.

Э.Ахувдованың "Синтаксические особенности английских пословиц" атты зерттеуі [15] ағылшын мақалдарын синтаксистік ерекшеліктері тұрғысынан талдауга арналған.

Ағылшын тілінің тұрақты тіркестерін зерттеу жұмыстары ғалым А.В. Кунин есімімен тығыз байланысты. Ол өзінің "Курс английского языка" [16], "Курс фразеологии современного английского языка" тәрізді көлемді ғылыми еңбектері [17] мен "Англо-русский фразеологический словарь" сөздігі [18] т.б. арқылы ағылшын тілі табиғатының кейбір өзгеге беймәлім тұстарын айқындаш, жалшы тіл ғылымына елеулі үлес қосты және салғастырмалы негіздегі ізденістерге бағыт-бағдар береді. Ғалым өз зерттеулерінде мақал-мәтелдерді "коммуникативті фразеологиялық бірліктер" деп атап, олардың құрамы мен құрылымына, семантикалық ерекшеліктеріне сипаттама береді.

Мақал-мәтелдердің басқа тілдік бірліктермен салыстыра алғанда өзіндік ерекшеліктерің, күрделілігін, мән-мазмұнының терендігін айқын көрсететін тұстардың бірі - аударма жұмысы. Кейбір жалпыхалықтық универсалдық сипатқа ие тұрлерін есепке алмағанда, әдетте, мақал-мәтелдер бір тілден екінші тілге тікелей аударылмайды. Бір тілден екінші тілге тәржімелуе барысында мағынасы мен тіркес құрамындағы мүшелері дәлмәдәл келетін теңбебе-тең баламасы (абсолюттік балама) немесе контекстік мағынасы сәйкес эквиваленті қолданылуы мүмкін. Әсіресе, ілеспе аудармада шашпаңдық, жинақылық, дәлдік қажет. Осы мақсатқа негізделген, практикалық мәні бар жұмыстардың бірі – Т.М.Баймахан және басқа ғалымдардың құрастыруымен жарық көрген "Английские пословицы и поговорки и их эквиваленты в русском, казахском и турецком языках" атты еңбек [19]. Жұмыста мақал-мәтелдер он мағыналық тошқа бөлініп, олардың орыс, қазақ және түрік тілдеріндегі баламалары берілген. Алайда, ағылшын мақал-мәтелдерінің қазақ тілінде баламалары бола тұра, тікелей аударылған тұстары да баршылық.

Сондай-ақ, қазіргі таңда ағылшын мақал-мәтелдерінің жинақтарының мол қоры барлығы анықталды. Олар: Smith W.C. "The Oxford Dictionary of English Proverbs", Cowie A.P., Mackin Rand Mc.Caig I.K. "Oxford Dictionary of Current Idiomatic English"; Taylor A., Whiting BJ. "A Dictionary of Proverbs and Proverbial Phrases"; Seidl X, Me Mordie W. "English Idioms and How to Use Them"; Ridout R. and Witting C. "English Proverbs Explained"; Apperson G.L. "The Wordsworth Dictionary of Proverbs"; Linda and Roger Flavell "Dictionary of Proverbs and their Origins"; "Dictionary of Idioms", "Dictionary of Proverbs", "Dictionary of World Origins"; Draxe T. Bibliotheca "Scholastica Instmctissima" (1633); Clarke J. "Paroemiologia Anglo-Latina" (1639); Ray J. "English Proverbs" (1670, 1678); "Fuller T. Gnomologia" (1732); Bohn H.G. "A hand -Book of Proverbs" (1855); Hazlitt W.C. "English Proverbs and Proverbial phrases"(1869) т.б. Зерттеу барысында, ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдерді тоңтастырып, жүйеге келтіріп, баспадан шығару ісіне ғалымдардың баса назар аударғаны және ағылшын мақал-мәтелдерін тек өз аясында ғана зерттеудің, жан-жақты емес, бір қырынан ғана қаастырудың орын алғандығы байқалды. Біздің пайымдауымызша, екі немесе бірнеше тілді салыстыра-салғастыра зерттеу жұмыстарының нәтижелері тіл білімін теориялық және практикалық тұрғыдан толықтыра, жетілдіре түсері даусыз.

ӘДЕБІЕТТЕР

1. Book of Proverbs in the Old Testament.
2. Desiderius Erasmus. Collectanea. Veniece. 1500.
3. Desiderius Erasmus.Chiliades. Veniece. 1508.
4. Heywood J. A Dialogue Containing the Number in Effect of all the Proverbs in the English Tongue. – London, 1546.

Т.М.Баймахан, А.Сейтхожаева. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі...

5. Thomas Draxe. *Bibliotheca Scholastica Instructissima or, a Treasurie of Ancient Adagies, and Sententious Proverbs.* 1612.
6. Clarke J. *Paroemiologia Anglo-Latina.* 1639.
7. Herbert G. *Outlandish Proverbs.* – London, 1640.
8. Howell J. *Proverbs.* 1659.
9. Ray J. *English Proverbs.* 1670,1678.
10. Franklin B. *Poor Richard's Almanack.* 1733 , 1758.
11. Stevenson B. *Book of Proverbs, Maxims and Familiar Phrases.* 1949.
12. Селянина Л. И. Варианты пословиц английского языка. АКД. Москва. 1970.
13. Швыдкоя Л. И. Синонимия пословиц и афоризмов в английском языке. АКД . –М., 1973.
14. Вяльцева С.И. Речевые использования английских пословиц. АКД. –М., 1980.
15. Ахундова Э. Синтаксические особенности английских пословиц. АКД. –Баку, 1986.
16. Кунин А. В. Английская фразеология. –Москва: Высшая школа, 1970.
17. Кунин А. В. Курс фразеологии современного английского языка. –Москва: Высшая школа, 1986. С 300-325.
18. Кунин А. В. Англо-русский фразеологический словарь. –М.: 1967,1984.
19. Английские пословицы и поговорки и их эквиваленты в русском и казахском языках. Баймаханов Т., Өтешев Н., Байтөлеева Н. Алматы: –Мектеп, 1988.
20. Английские пословицы и поговорки и их эквиваленты в русском, казахском и турецком языках. Туркестан, «Туранъ», 2010. 175 б.

REZUNE

**T.BAIMAKHAN, A.SEITKHOZHAYEVA (Turkistan)
RESERCHING THE PAREMIOLOGICAL UNITS IN ENGLISH AND KAZAKH
LANGUAGES**

The article is concerned with the survey of paremeological units in English and Kazakh languages.